

2010 жылдың сәуір-маусым мен қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 154 қаулысы. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 мамырда № 9-20-177 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-тармағына, 23-бабына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусым, қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусым қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес, Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақырудан босатылуға немесе кейінге калдыруға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтар оқу орындарынан шығарылған және белгіленген әскери мерзімді өткермеген азаматтар 2010 жылдың сәуір-маусым мен қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастырылсын.

2. Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Федоров аудандық орталық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша) "Федоров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) шақыру іс-шараларын өткізу ұсынылсын.

3. Федоров селосы және селолық округтер әкімдері:

1) әскерге шақырушыларды медициналық комиссиядан өтуге аудандық комиссиясының отырысына және әскерге жіберу үшін уақытында хабарлауды және жеткізуді қамтамасыз етсін;

2) әскери қызметті өткеру үшін жіберілетін әскерге шақырылғандарды салтанатты шығарып салу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырсын.

4. "Қостанай облысы Федоров аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруды өткізу және командаларды жөнелту кезеңінде:

1) әскери қызметті өткеруден жалтарып жүргендерді іздестіру және ұстауды өзінің құзыреті шегінде жүзеге асыру;

2) әскери қызметті өткеруден жалтарып жүрген тұлғаларды жеткізуін қамтамасыз ету;

3) шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті сақтауға қолдау көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ұсынылсын.

5. "Федоров ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі әскерге шақыруды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2010 жылға арналған ауданның бюджетінде қарастырылған қаражат есебінің шегінде іске асырылсын.

6. "Қостанай облысы Федоров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі әкімдіктің осы қаулысын орындау бойынша атқарған жұмыстары туралы ақпарат Федоров ауданының әкіміне 2010 жылғы 1 шілдесіне және 2011 жылдың 1 қаңтарына жіберу ұсынылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О.Ф. Федороваға жүктелсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Ф е д о р о в

ауданының әкімі

А. Корниенко

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы Федоров аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Е. Файзуллин

"Қостанай облысы Федоров ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ А. Никифоров

"Федоров аудандық орталық аурухана мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәспорының бас дәрігері

_____ В. Финк

"Федоров ауданының экономика
және қаржы бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ В. Гринак

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК